

**«D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Буранкулова Эльмира Темирбаевнаның «Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы), Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) сонымен қатар «Мәдени мұра» «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына сәйкес келеді. Еліміздің саяси-әлеуметтік даму үдерісінде, жаһандану тұсында түркі этностарының арасындағы өзара әдеби, тілдік, мәдени қарым-қатынастардың, сабақтастықтың жаңа көздерін зерделеу маңызды. Себебі Қазақстан Түркі дүниесінің - қара шаңырағы. Ғылыми жұмыс ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында ұсынған «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жоба негізінде орындалған. Еліміздің егемендік алуы мен қазақ тілінің

мемлекеттік мәртебеге ие болуына сәйкес танымдық негізге сүйенген тілдің қоғамдық қызметінің қолданыс аясын кеңейтуге, қазақ сөзінің терең мазмұнында астарланған сөз әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін тілді зерттеудің жаңа бағыттары да қалыптасып, дамуда. Осы заманғы интеграциялық даму үдерісі тілдік санаға да өзгерістер әкеліп, тілдің кешенді қоғамдық қызметін жандандыра түсті.

2021 жылғы 14 қарашада Ыстанбулда түркі елдерінің мемлекет басшыларының қатысуымен өткен саммитте «Бүгіннен бастап біздің бірлестік Түркі мемлекеттерінің ұйымы деп аталады. Бұл қадам елдеріміз арасындағы ықпалдастықты ілгерілету ісін жаңа деңгейге көтеріп, ұйымның мәртебелі миссиясын жүзеге асыруға тың серпін береді деп сенеміз», - делінген. Сонымен қатар ҚР-ның Президенті Қ.К. Тоқаев Ұйымның жаһандық деңгейде лайықты орын алатынына сенім білдіріп, «Менің пікірім бойынша ұйымымыз, ең алдымен, экономикалық, гуманитарлық және экологиялық ынтымақтастыққа баса мән бергені жөн», - деген еді. Осы түркі руханиятының гуманитарлық ынтымақтастығын және сабақтастығын гендерлік таптаурындар деңгейінде зерделеуді мақсат еткен ғылыми жұмыстың маңыздылығы жоғары. Диссертациялық зерттеу түркі тілдес халықтарының дәстүрлі мәдениетінде қалыптасқан гендерлік тәлім-тәрбие модельдерін, гендерлік ұстанымдары тіл жүйесі мен лингвомәдениетінде көрініс тапқан деректерін ғылыми тұрғыдан зерделеп, түркі гендерлік қазығының жағымды тұстарын өзектендіру, түркі лингвомәдениетінің гендерлік концептосферасын таптаурындар жүйесі арқылы анықтауға ұмтылуымен құнды.

		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді.</p>
<p>2.</p>	<p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылымға елеулі үлес қосатыны айқын. Еңбекте түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар алғаш рет бөлек зерттеу нысаны ретінде алынып, түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулерге алғаш рет жүйелі талдау жасалған, лингвомәдени және салыстырмалы талдау арқылы бейнелі тілдік құралдар (фразеологизмдер) мен фольклорлық материалдар (мақал-мәтелдер) негізінде түркі дүниетанымындағы гендерлік болмыстың типологиясы анықталған. Түркі тілдері үшін бұл диссертациялық тәжірибе ғылыми әдістемелік үлгі, практикалық маңызы зор. Еңбектің ғылыми шолу материалдары, жүйеленген тұжырымдары түркі тіл біліміндегі гендерлік лингвистика, лексикология мен семантика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, жеке тіл білімі, салыстырмалы тіл</p>

			білімі үшін құнды ғылыми материал.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Еңбек ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай. Сүйенген материалдары нақты тілдік деректермен дәйектелген. Диссертанттың ғылыми ойды өз бетінше жүйелеуі, мысалмен дәлелдеуі дәйекті, тұжырымдары айқын. Зерттеу барысында нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген және олардың арасында тығыз логикалық байланыс бар.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі дәлелді тұрғыда негізделген. Гендерлік таптаурындардың түркі тілдеріндегі көрінісі түркі тіл білімінде алғаш рет арнайы қарастырылуы жұмыстың өзектілігі, ал алынған нәтижелер ғылыми жаңалығының көрсеткіші болып табылады. Жұмыста жасалған тұжырымдар мен нәтижелер бір-бірімен өзектес әрі сабақтас, ішкі бірлігі сақталған. Диссертацияның құрылымы мен мағыналық, мазмұндық желісі үйлесімді өрілген. Жұмыс осы деңгейдегі ғылыми диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының бөлімдері бір-бірімен ғылыми-логикалық тұрғыда сабақтаса байланысқан. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Докторант түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындардың жүйелік сипатын және оны түркі лингвомәдени феноменін бейнелеуші категория ретінде

	<p>2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>ғылыми негіздеу мен тәжірибелік зерттеу тұрғысынан дәлелдеуді мақсат етіп қойған. Нақты міндеттер көзделген: -гендерлік лингвистиканың заманауи ғылыми бағыт ретінде дамуын зерделеу арқылы қазіргі заманғы теориялық негіздерін анықтау; -қазақстандық тіл ғылымындағы және жалпы түркі тілдерін гендерлік зерттеу сипаты мен деңгейін талдау негізінде түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулер жайы мен келешегін сараптау; -гендерлік таптаурындардың тілдік жүйелік белгілерін (зерттелуі, түрлері, жіктелімі) анықтау арқылы олардың мәдени-әлеуметтік категория ретіндегі сипатын ашу т.б. Қазақ, тағар, башқұрт, өзбек, қырғыз, түрік тілдеріне қатысты гендерлік таптаурындардың тілдік сипаттамасы беріліп, лингвомәдени ерекшеліктерін талдау арқылы тұжырымдар жасалған. Ізденіс барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Диссертацияның бірінші бөлімінде гендерлік лингвистиканың заманауи ғылыми бағыт ретінде дамуы сараланып, «гендер» терминінің қазіргі ғылымдағы түсіндірмелері жүйеленген. Түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулердің дамуына үлес қосып отырған ғалымдардың тұжырымдары мен зерттеу бағыттары, олардың келешекте жаңа кезеңнің гендерлік зерттеулеріне негіз болатын тұжырымдары айқындалып, хронологиялық түрде нақты кестелер арқылы көрсетілген. Екінші бөлімде гендерлік таптаурындардың мәдени-әлеуметтік категория ретіндегі тілдік сипатына талдау жасалған. Гендерлік таптаурындардың зерттелуі, түрлері мен</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>		

		<p>жіктеліміне байланысты мәселелер қарастырылып, гендерлік таптаурындардың тілдік-элеуметтік мәні мен лингвомәдени сипаты қыз және жігіт үлгісінде қарастырылған.</p> <p>Жұмыстың үшінші бөлімі лингвомәдени және салыстырмалы талдау арқылы бейнелі тілдік құралдар (фразеологизмдер) мен фольклорлық материалдар (мақал-мәтелдер) негізінде түркі дүниетанымындағы гендерлік болмыстың типологиясын анықтауға бағытталған, гендерлік таптаурындарды лингвомәдени феномен ретінде қарастырған. Екі мыңнан астам фразеологиялық бірлік пен үш мыңға жуық мақал-мәтелдерге талдау жасалып, ауқымды зертеу жасалған. Нәтижесінде зерттеуге алынып отырған түркі тілдеріндегі лингвомәдени ерекшеліктер айқындалып, ортақ және қайшы келетін гендерлік таптаурындар анықталған, лингвомәдени құралдардың қолданылу жүйесі салыстырылған, фемининдік және маскулиндік гендерлік таптаурындардың мақал-мәтелдердегі лингвомәдени көрінісін зерделенген.</p> <p>Қазақстан, Башқұртстан, Түркия, Қырғызстан, Татарстан, Өзбекстан тұрғындары (түркі тіл иелері) арасында ғылыми серіктестік негізінде жалпы саны 1846 адамға тәжірибелік сауалнама жүргізіліп, дәстүрлі түркі гендерлік таптаурындар жүйесі мен заманауи түркі гендерлік таптаурындар құрамы арасындағы лингвомәдени алшақтық қаншалықты, олардың өзгеріске ұшырау/ұшырамау себептері мен факторлар бейнесі қандай сипатта деген мәселелердің шешімі қарастырылған. Жұмыстың құрылымдық бөлімдері арасында логикалық сабақтастық сақталған.</p>
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен</p>	<p>Диссертант өзі қарастырып отырған тілдік материалдардың әрқайсысына сыни көзқарас тұрғысынан талдау жасайды. Зерттеудің тақырыбы бойынша ұсынылған диссертанттың</p>	

		<p>салыстырылып бағаланған:  1) сыни талдау бар;  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>қорытындылары мен шешімдері нақты дәлелдермен тиянақталған, бұған дейінгі пікір-шешімдермен салыстырылып отырады.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттарын тың тұжырымдар деп тануға боалды. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсагы пен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген:</p> <p>Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар жүйесі алғаш рет ғылыми зерттеу нысанына алынып, гендерлік лингвистиканың заманауи ғылыми бағыт ретіндегі қазіргі заманғы теориялық негіздері анықталған, қазақстандық тіл ғылымындағы және жалпы түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулердің жайы мен келешегі сарапталып, мазмұны мен бағыттары белгіленген, гендерлік таптаурындардың тілдік жүйелік белгілері анықталып, мәдени-әлеуметтік категория ретіндегі сипаты ашылған, гендерлік таптаурындардың тілдік-әлеуметтік мәні мен лингвомәдени сипаты түркі гендерлік концептосферасындағы қыз, жігіт үлгісінде айқындалған, гендерлік таптаурындар түркі лингвомәдени феноменді бейнелеуші категория ретінде фразеология мен мақал-мәтелдердегі көрінісі арқылы лингвистикалық және эмпирикалық талдау негізінде дәлелденген, гендерлік таптаурындардың заманауи түркі лингвомәдени кеңістігіндегі құрамы, жүйелік сипаты мен тілдік ерекшеліктері алғаш рет респонденттердің гендерлік дүниетанымына негізделген тәжірибелік сауалнама жүргізу арқылы анықталған. Зерттеудің</p>	

			ғылыми нәтижелері мен қағидағтарын толығымен жаңа деп тануға болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Себебі зерттеуші жұмыстың мақсатына жетуде, міндеттерді шешуде өзіндік жаңа тұжырымдар ұсынған. Әсіресе, заманауи түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік таптаурындарды тәжірибелік талдауда тың қорытындылар жасаған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық және басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның әрбір бөлімдерінен кейін қысқаша тұжырымдар, сондай-ақ жұмыстың толық мазмұнын қамтитын, зерттеу нәтижелеріне негізделген көлемді қорытынды берілген. Алынған барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидағ дәлелденді ме? 1) дәлелденді;	1-қағидағ. Гендерлік лингвистиканың заманауи ғылыми бағыт ретіндегі дамуының теориялық негіздері антропологиялық, философиялық, гендерологиялық салалардың, әлеуметтік лингвистикалық, когнитивтік

	<p>2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді  7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  2) жоқ  7.3 Жаңа ма?  1) ия;  2) жоқ  7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) кең  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) ия;  2) жоқ</p>	<p>лингвистикалық, психоллингвистикалық, этнолингвистикалық бағыттардың ғылыми қағидағтары мен әдістемесіне және этникалық тілдің лингвомәдени ментальді деректеріне негізделіп, кешенді сипатта жүзеге асырылады.  7.1 Қағидағ дәлелденген (1).  7.2 Тривиалды емес (2).  7.3 Ия, жаңа(1).  7.4 Қолдану деңгейі кең (3)  7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген(1).</p> <p><u>2-қағидағ.</u> Түркі тіл білімінің гендерлік бағыты өзіндік қалыптасуымен, даму сипатымен ерекшеленеді: ол біріншіден, лингвист-ғалымдардың тіл мен жыныс, гендер мен лингвомәдениет байланысына қатысты пікір-байламдарын, ғылыми негіздемелерін зерделеумен, екіншіден, түркі халықтарының гендерлік болмысының тілдік көрінісін сипаттаумен, үшіншіден, түркі тілдерінің гендерлік белгілерін өзге тілдердің балама деректерімен салыстырып- салғастыра зерттеумен анықталады.</p> <p>7.1 дәлелденген (1)  7.2 тривиалды емес (2)  7.3 жаңа (1)  7.4 қолдану деңгейі кең (3)  7.5 дәлелденген (1)</p> <p><u>3-қағидағ.</u> Гендерлік таптаурындар - гендерлік лингвистиканың негізгі зерттеу категориясы ретінде тілдердің таптаурындау мүмкіндіктері мен өзіндік ерекшеліктерін сипаттауға негіз болатын, мәдени-әлеуметтік және тілдік</p>
--	--	---

лингвомәдени феномен ретінде жүйелік, құрылымдық, концептуалдық, динамикалық, образдылық, бағалауыштық (коннотациялық), оппозициялық сипаттарымен анықталады; гендерлік таптаурындар лингвистикалық зерттеу категориясы ретінде этникалық тілдердегі гендерлік болмысты аталған сипаттары арқылы лингвомәдени құндылықтар жүйесіне қалыптастырып, этнотілдік санада бейнеленетін тұрақты маскулиндік және феминдік лингвомәдени модельдерді айқындайды.

7.1 Қағидат дәлелденген (1).

7.2 Тривиалды емес (2).

7.3 Жаңа(1).

7.4 Қолдану деңгейі кең (3)

7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).

4-қағидат. Гендерлік таптаурындарды түркі лингвомәдени феноменді бейнелеуші категория ретінде дәлелдеуді фразеология мен мақал-мәтелдердегі көрінісін лингвистикалық талдау арқылы, атап айтқанда, гендерлік мағынаны концептуалдық, компоненттік және оппозициялық тұрғыдан талдау, когнитивтік модельдеу, лингвомәдени интерпретациялау және эмпирикалық (жинақталған зерттеу материалдарымен жұмыс) талдау негізінде қамтамасыз етуге болады.

7.1 Қағидат дәлелденген (1).

7.2 Тривиалды емес (2).

7.3 Жаңа(1).

7.4 Қолдану деңгейі кең (3)

7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).

5-қағидат. Түркі тілдерінің гендерлік сипаты маскулиндік және фемининдік таптаурындардың өзгешеліктерімен бейнеленіп, түркі болмысының лингвомәдени деректері мен құндылықтарына сүйенеді. Түркі гендерлік таптаурындар жүйесінде концептуалдық, ұлттық-мәдени, әлеуметтік-гендерлік, оппозициялық таптаурындау қағидаттары маскулиндік және фемининдік гендерлік модельдерді түрлі коннотациялық және гендерлік рөлдер тұрғысынан қалыптастырады.

7.1 Қағидат дәлелденген (1).

7.2 Тривиалды емес (2).

7.3 Жаңа(1).

7.5 Қолдану деңгейі кең (3)

7.6 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).

6-қағидат. Гендерлік таптаурындардың заманауи түркі лингвомәдени кеңістігіндегі құрамы, жүйелік сипаты мен тілдік ерекшеліктері тәжірибелік сауалнама жүргізу арқылы ғана анықталады, себебі фразеология мен мақал- мәтелдерінде көрініс табатын гендерлік дүниетаным - дәстүрлі гендерлік таптаурындар жүйесін ғана бейнелейді (ол базалық гендерлік концептосфера). Дәстүрлі гендерлік таптаурындардың сипаты заманауи түркі лингвомәдениетімен салыстырғанда, айырмашылықтар жүйесін анықтады (таптаурындау қағидаттары, құндылықтар, болмыс деректері, нормалар өзгерді), сондықтан, гендерлік зерттеулерде талдауға алынатын материал мақсатына қарай нақтылануы тиіс - дәстүрлі гендерлік дүниетаным заманауи түркі лингвомәдениетін сипаттай алмайды, ол үшін қазіргі тіл

		<p>иелерімен тәжірибелік зерттеу қажет.</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Жана(1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Иә. Әдістеменің таңдауы: негізделген. Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес жалпы ғылыми-теориялық әдістермен қатар, лингвистикалық стратификация жүргізу, категориялау, мағынаны компоненттік талдау мен когнитивтік модельдеу, лингвомәдени интерпретациялау әдістері, компаративистік және оппозициялау әдіс-тәсілдері пайдаланылды.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Иә. Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған. Жалпы ғылыми-теориялық әдістер, арнайы лингвистикалық әдісте, лингвомәдени және гендерлік талдау әдістері орынды қолданылған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар</p>	<p>Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.</p>

		<p>бойынша даярлау бағыттары үшін негіжелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы маңызды тілдік, мәдени деректер, теориялық тұжырымдар, жіктемелер және т.б. сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу нысанына қатысты ғылыми шолу жасауға, сараптауға жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық принциптері	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген тұжырымдар түркі тіл білімінің, гендерлік лингвистиканың, әлеуметтік лингвистиканың, лингвомәдениеттанудың, этнолингвистиканың теориялық негізіне үлес қоса алады.</p> <p>Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу материалдарын, гендерлік таптаурындар құрамы мен жіктелімін, гендерлік маркерленген фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер қорын, тәжірибелік сауалнаманың талдамаларын, дереккөздерін осы тақырып бағытындағы жобалық жұмыстарда, курс материалдарын жасақтауда, оқу-әдістемелік деректерін толықтыруда, ғылыми еңбектерді жазу барысында пайдалануға болады.</p> <p>Зерттеудің практикалық талдаулары, ұсыныстары толығымен жаңа.</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен рәсімделуі талапқа сай. Жұмыс ғылыми стильде жазылған.</p>

Докторант Буранкулова Эльмира Темирбаевна «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор



Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы

15.04.2023

*Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы*

ҚОЛЫН КҮЕЛАНДЫРАМЫН

ӨКІМШІЛІК БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ

« 20 ж.

БАТЫС-ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ